

"Карантин белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № 255 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 қыркүйекте № 6544 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 338 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 20.12.2020 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10414 болып тіркелді) бекітілген Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, "Карантинді белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 01-04/818 ұсынысы негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Карантин белгілеу туралы" 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246 қаулысына (2020 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6539 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 23 қыркүйегі № 255
қаулысына
қосымшасы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246
қаулысына
қосымшасы

Жұқпалы құс тұмауы ауруының пайда болу жағдайында байланысты карантин белгіленген Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан елді мекендері

Елді мекеннің атауы	
1	Айыртау ауданы
2	Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы
3	Жамбыл ауданы
4	Қызылжар ауданы
5	Мағжан Жұмабаев ауданы
6	Тайынша ауданы
7	Тимирязев ауданы
8	Шал ақын ауданы

Сырымбет ауылдық округінің Қарақамыс ауылы
Рузаев ауылдық округінің Чернобаев ауылы; Шұқыркөл ауылдық округінің Шұқыркөл ауылы
Казанка ауылдық округінің Екатериновка ауылы; Кладбинка ауылдық округінің Новорыбинка ауылы
Архангельск ауылдық округінің Архангельск ауылы; Бескөл ауылдық округінің Бескөл ауылы; Вагулин ауылдық округінің Красный Яр ауылы; Налобин ауылдық округінің Налобин ауылы; Лесной ауылдық округінің Преснов ауылы; Якорь ауылдық округінің Якорь ауылы
Чистов ауылдық округінің Чистов ауылы
Тихоокеан ауылдық округінің Алабота ауылы; Чкалов ауылдық округінің Чкалов ауылы
Тимирязев ауылдық округінің Белоградовка ауылы; Тимирязев ауылдық округінің Тимирязев ауылы
Сергеевка қаласы; Сухорабов ауылдық округінің Сухорабов ауылы

